

6B02111-Балетмейстер өнері:
Балетмейстер өнері, Хореографиялық қойылым өнері
білім беру бағдарламасы бойынша
шығармашылық емтихан бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1.1 Режиссура кафедрасы 6B02111 – Балетмейстер өнері білім беру бағдарламасы «Балетмейстер өнері», «Хореографиялық қойылым өнері» траекториялары бойынша бакалаврларды даярлап шығарады. Оқу курсы - 4 жыл. Оқыту түрі - күндізгі.

Мамандарды даярлау Қазақстан Республикасының жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағыттарына сәйкес жүргізіледі.

1.2 Осы білім беру бағдарламасының білім алушылары:

- бағдарламалық материалды;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді;
- әр түрлі ұлттардың тарихы мен мәдениетін;
- драматургияның принциптері мен заңдарын;
- музыкалық және би формалары, музыкалық партитураны;
- хореографиядағы қойылым қызметінің заңдары мен принциптерін зерделейді.
- Қазіргі заманғы ағымдар мен өнер бағыттарының көркемдік дәстүрлерін талдауды;
- режиссерлік өнердің әртүрлі мектептерін талдау және қолдануды;
- хореографиялық пәндерді оқыту әдістемесін қолдануды;
- әртүрлі стильдер мен жанрларда шағын және ірі формалардың хореографиялық қойылымдарын жасауды;
- тиісті музыкалық материалды таңдауды;
- концерттік және көпшілік-көріністік бағдарламалардың, театрлық қойылымдардың режиссерлік қойылымдарын жүзеге асыруды үйренеді.
- Өз пайымдауларын жасау үшін ақпаратты жинау, өңдеу, талдау дағдыларын;
- хореографиялық қойылымның сценарийлік және композициялық жоспарын құру дағдыларын;
- әр түрлі дәуірлердің, мектептердің, стильдердің билері негізінде жеке, көпшілік қойылымдарды, кеңейтілген формадағы композицияларды жасау дағдыларын;
- кәсіби қызметте қойылым тобымен жұмыс жасаудың креативті әдістерін қолдану дағдыларын;
- өнер және мәдениет саласындағы ұйымдастыру және басқару дағдыларын меңгереді.

2. Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

2.1 «Балетмейстер өнері» траекториясына түсушінің міндетті түрде хореографиялық білімі болуы тиіс (7 жыл 10 ай көлемінде техникалық және кәсіптік білімі, «Балет әртісі» біліктілігі, 2 жыл 10 ай көлемінде техникалық және кәсіптік білімі, «Би ансамблінің әртісі» біліктілігі). Кәсіби балет ұжымында кемінде 2 жыл жұмыс тәжірибесінің болғаны құпталады.

2.2 «Хореографиялық қойылым өнері» траекториясына түсушінің міндетті түрде хореографиялық білімі болуы тиіс (техникалық және кәсіптік білім, кемінде үш жылдық оқу мерзімімен; «Балет әртісі», «Би ансамблінің әртісі», «Бос уақытты ұйымдастырушы-педагог, би ұжымының жетекшісі» біліктіліктері).

2.3 Оқуға түсушінің жалпы білім және зияткерлік деңгейі жоғары, балет, театр және әдебиет тарихы саласында білімі болуы тиіс. Шығармашылық қиялы мен музыкалық ойлауы бағаланады, сонымен қатар:

- тиісті анатомиялық табиғи деректері (сау физикалық аппарат).
- тиісті психофизикалық деректері (табиғи музыкалығы, ырғақ, бұлшықет жады, шығармашылық қиял).
- жан-жақты дамыған болуы, шығармашылық ойлауы мен зияткерлік деңгейі жоғары болуы.
- физикалық жағдайы (төзімділік, тірек-қимыл аппаратының патологиясының болмауы және т.б.).

- шығармашылық қиял мен музыкалық ойлауының болуы.
- би өнерінің кез-келген бағыты бойынша базалық білімі (классикалық би, халық-сахналық би, қазақ биі, заманауи би) болуы.
- балет, театр, әдебиет және бейнелеу өнері тарихы саласында білімі болуы, аса көрнекті отандық және шетелдік балетмейстерлерді, мәдениет және өнер қайраткерлерін білуі.

- музыка теориясы бойынша қарапайым білімі болуы тиіс.

Оқуға түсуші білуі және меңгеруі тиіс:

– дәстүрлі хореографиялық тілде би комбинациялары мен бидің қарапайым түрлерін құрастыру қағидалары-құрастыру дағдылары;

- хореографиялық өнер саласындағы қарапайым теориялық білімдер: көрнекті шетелдік және отандық балетмейстерлер, композиторлар туралы, әлемдік хореографиялық мұраның репертуарлары және Қазақстанның ұлттық балеттері туралы (танымал балеттер және олардың мазмұны);

- авторлық жобаны қойылымдық жұмыс және практикалық көрсету дағдылары;

- педагогтың тапсырмасы бойынша би қимылдарын қайта орындай білу; классикалық, халық-сахналық бидің негізгі негіздерін білу, техниканы және сауатты орындауды меңгеру, қимылдарға қарапайым музыкалық талдау жасай білу;

- би техникасын, әртістікті және музыкалық орындаушылықты меңгеру;
- импровизация жасай білу (ұсынылған тақырыпқа хореографиялық мәтін құрастыру).

3. Шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібі

3.1 Шығармашылық емтихандардан өту үшін оқуға түсуші балет залына жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жіберіледі.

3.2 Шығармашылық емтихандар басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және арнайы пәндер бойынша емтихандардан өту тәртібі, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі түсіндіріледі. Шығармашылық емтихандарды тапсырудың ерекшеліктері консультация беру кезінде түсіндіріледі.

3.3. Консультация өткізу кезінде талапкер классикалық, халық-сахналық және қазақ биі бойынша, сондай-ақ оқу үлгілері немесе би фрагменті, емтиханға шығарылатын өзі орындайтын нөмірлер бойынша (немесе карантин режимі енгізілген жағдайда бейнежазба) қажетті ақпаратты алады. Арнайы пәндер бойынша консультацияларға қатысу міндетті.

3.4 Шығармашылық емтихандарды онлайн режимде қабылдау кезінде оқуға түсуші шығармашылық емтихандарға қатысу үшін бейнематериалдар мен либреттоларды алдын ала жазып алады және ағымдағы жылдың 6 шілдесінен кешіктірмей қабылдау комиссиясының электрондық мекенжайына жібереді. (admissions-vpo@balletacademy.kz).

4. Шығармашылық емтиханның бағдарламасы

4.1 6B02111-Балетмейстерлік өнер білім беру бағдарламасына түсу кезіндегі шығармашылық емтихандар талапкерлердің балетмейстерлік / қойылымдық қызметті меңгеруге шығармашылық қабілеттері мен тұлғалық алғышарттарын анықтауға және айқындауға бағытталған.

Оқуға түсушілер екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Емтихан барысында талапкердің шығармашылық әлеуеті анықталады.

4.2 1-шығармашылық емтихан - орындау шеберлігі.

Оқуға түсуші классикалық, халық-сахналық және қазақ билері негіздерінің базалық практикалық дағдыларының болуы, станок жанында және зал ортасында экзерсисті білуі, терминологияны білуі, практикалық материалды меңгеруі, орындау сауаттылығы мен мәдениетін, музыкалық қабілетін, үйлесімділігі мен мәнерлілігін көрсетуі тиіс.

Практикалық көрсетілімде классикалық, халықтық-сахналық, қазақ билерінің негізгі қимылдарын дұрыс және сауатты орындау, музыкалық материалға қимылдарды орналастыруды жүзеге асыра білу, музыкалық метрді, ырғақ пен мөлшерді анықтау. Қабылдау сынағы барысында оқуға түсуші физикалық деректерін, сондай-ақ кәсіби дағдыларды меңгеру деңгейін және көркемдік талғамын көрсетеді.

- Классикалық би: педагог берген материалды практикалық көрсету (станок жанында және зал ортасында экзерсис, аллегро);

- Халық-сахналық би: педагог берген материалды практикалық көрсету (станок жанындағы экзерсис, зал ортасында);

- Қазақ биі: педагог берген материалды практикалық көрсету (би этюді).

4.3 Шығармашылық емтихандарды онлайн режимде қабылдаған жағдайда түсуші алдын ала қабылдау комиссиясына консультацияларда алынған

классикалық, халық-сахналық, қазақ биі бойынша комбинацияларды практикалық орындай отырып, бейнематериалды жіберуі тиіс, бұл ретте талапкердің кәсіби дағдылары мен іскерліктері болуы тиіс: классикалық, халық-сахналық және қазақ билерінің базалық негіздері болуы, терминологияны білуі, практикалық материалды меңгеруі, орындау сауаттылығы мен мәдениетін, музыкалылығын, үйлестірілуі мен мәнерлілігін көрсетуі тиіс.

- Классикалық би: консультация кезінде берілген станок жанындағы және зал ортасындағы комбинациялардың оқу мысалдарын практикалық көрсету (бейне MP4/AVI форматында жақсы сапада түсірілуі тиіс (ажыратылымдығы: кемінде 1280×720) әр түрлі арнайы эффектілерді қолданбай, түсіру көлденең форматта жүргізілуі тиіс, ұзақтығы 5 минуттан аспайды);

- Халық-сахналық би: консультация кезінде берілген станок жанындағы және зал ортасындағы комбинациялардың оқу мысалдарын практикалық көрсету (бейне MP4/AVI форматында жақсы сапада түсірілуі тиіс (ажыратылымдығы: кемінде 1280×720) әр түрлі арнайы эффектілерді қолданбай, түсіру көлденең форматта жүргізілуі тиіс, ұзақтығы 5 минуттан аспайды);

- Қазақ биі: би: консультация кезінде берілген станок жанындағы және зал ортасындағы комбинациялардың оқу мысалдарын практикалық көрсету (бейне MP4/AVI форматында жақсы сапада түсірілуі тиіс (ажыратылымдығы: кемінде 1280×720) әр түрлі арнайы эффектілерді қолданбай, түсіру көлденең форматта жүргізілуі тиіс, ұзақтығы 5 минуттан аспайды);

4.4 2-шығармашылық емтихан – балетмейстер өнері, хореографиялық қойылым өнері.

Өз туындысын көрсетуде шығармашылық қиялы, образдық ойлауы және музыкалық қабілеті ескеріледі.

Либретто хореографиялық шығарманың ойына сәйкес келуі тиіс. Импровизацияда музыкалық көзқарас және оның хореографиялық пластикамен орындалуы бағаланады.

- өзі шығарған 1 жеке нөмір, 1 көпшілік нөмір (3, 4 немесе одан көп орындаушы) (талапкерлер алдын ала дайындаған);

- либретто (қысқаша мазмұны) (талапкер алдын ала дайындаған құжаттың баспа түрінде ұсынылуы, беттің бағдары – кітап түрінде, Times New Roman қарпі, 14 кегль, жоларалық интервал 1, абзац шегінісі 1,25 см, мәтінді беттің ені бойынша созу, шеттері әдеттегідей);

- импровизация: концертмейстер ұсынған үш музыкалық шығармадан талапкердің таңдаған музыкасына би композициясын жасау– дайындық уақыты - 20 минут.

- әңгімелесу:

Талапкер өзінің зияткерлік деңгейін, мәдени ой-өрісін, хореографиялық өнер тарихы, әдебиет, музыка, кескіндеме саласындағы білімін көрсетуі тиіс. Талапкер қазақстандық хореографтарды және олардың қойған балеттерін білуі тиіс.

Шығармашылық емтихан тапсыру кезінде оқуға түсуші жеке нөмірді, өз шығарған көпшілік нөмірді (3, 4 немесе одан да көп орындаушылар) (талапкерлер алдын ала дайындаған) орындайды, оқуға түсуші емтиханға осы

нөмірге қатысушылардың тізімін немесе алдын ала жазылған бейнематериалды ұсынады (бейне MP4/AVI форматында жақсы сапада түсірілуі тиіс (ажыратылымдығы: кемінде 1280×720) әр түрлі арнайы эффектілерді қолданбай, түсіру көлденең форматта жүргізілуі тиіс, ұзақтығы 5 минуттан аспайды), оны емтиханға 1 күн қалғанда флеш-тасығышта ұсыну / admissions-vpo@balletacademy.kz. электрондық мекенжайына жіберу қажет.

4.5 Шығармашылық емтихандарды онлайн режимде қабылдаған жағдайда оқуға түсуші алдын ала қабылдау комиссиясына өзі шығарған жеке биден тұратын бейнематериалды жіберуі тиіс, бұл ретте шығармашылық қиялы, образдық ойлауы мен әуенділігі ескеріледі, сондай-ақ жазбаша жұмысын – либреттоны жіберуі тиіс.

- Өзі шығарған және өз орындауындағы 1 жеке нөмір (бейне MP4/AVI форматында жақсы сапада түсірілуі тиіс (ажыратылымдығы: кемінде 1280×720) әр түрлі арнайы эффектілерді қолданбай, түсіру көлденең форматта жүргізілуі тиіс, ұзақтығы 5 минуттан аспайды);

- либретто (қысқаша мазмұны) (құжаттың PDF форматында электрондық түрде ұсыну, беттің бағдары – кітап түрінде, Times New Roman қарпі, 14 кегль, жоларалық интервал 1, абзац шегінісі 1,25 см, мәтінді беттің ені бойынша созу, шеттері әдеттегідей);

- онлайн режимдегі импровизация: концертмейстер ұсынған үш музыкалық шығармадан оқуға түсуші таңдаған музыкаға би композициясын жасау - дайындық уақыты - 20 минут.

Әңгімелесу:

Оқуға түсуші өзінің зияткерлік және мәдени деңгейін, ой-өрісін, хореографиялық өнер, әдебиет, музыка, көркем сурет тарихы саласындағы білімін көрсетуі тиіс. Оқуға түсуші қазақстандық хореографтарды және олар қойған балеттерді білуге тиіс.

4.4 Киім формасы: хореографиямен айналысуға арналған кәсіби сахналық аяқ киім (жұмсақ классикалық аяқ киім, қатты халық-сахналық аяқ киім). Қыздар үшін: купальник, трико және юбка, шашты түйіп қою. Ұлдар үшін: футболка және трико (классикалық би), футболка және шалбар (халық-сахналық би).

5. Емтихан сұрақтарының тізбесі

- 1) XX ғасырдың отандық және шетелдік көрнекті балетмейстерлері.
- 2) XXI ғасырдың отандық және шетелдік көрнекті балетмейстерлері.
- 3) Әлемдік хореографиялық мұраның балет репертуары.
- 4) Әлемдік хореографиялық туындыларды (балет спектакльдерін) жасаған композиторлар мен балетмейстерлер
- 5) Қазақстанның танымал балетмейстерлері
- 6) Қазақстанның ұлттық балеттері мен опералары
- 7) Әлемдік балет театрлары
- 8) Қазақстанның балет театрлары мен жетекші би ансамбльдері
- 9) Қазақстандық композиторлар-балет авторлары
- 10) Әлемдік әдеби шығармалар
- 11) Қазақ классикалық әдебиеті

- 12) Қазақстан Республикасы опера және балет театрларының балет репертуары
- 13) Алтынай Асылмұратованың шығармашылығы
- 14) Дәурен Әбіровтің шығармашылығы
- 15) Зәуірбек Райбаевтың шығармашылығы
- 16) Болат Аюхановтың шығармашылығы
- 17) Мыңтай Тілеубаевтың шығармашылығы
- 18) Ж. Ж. Новеррдің би туралы хаттары
- 19) Хореография өнерінің жанрлары
- 20) Орыс балет мектебі қалыптасуының тарихи процесі
- 21) Қазақстандық балет өнерінің қалыптасуы
- 22) Балет спектакльдеріне музыка жазған композиторларды атаңыз. Балет музыкасы жанрының ерекшеліктері мен ерекшеліктері
- 23) Алматы хореографиялық училищесі кімнің есімімен аталады және неге?
- 24) Бейнелеу өнерінің түрлері
- 25) Импровизация техникасының негізін қалаған балетмейстерлердің шығармашылығы

6. Бағалау критерийлері

Егер емтихан тапсырушы комиссия берген музыкалық тақырыпқа оның сипатын, стилистикасын, ұлттық негізін және т.б. ескере отырып, өте жақсы теориялық білімін және оқу комбинациялары мен этюдтерінің сауатты практикалық көрсетілімін көрсетсе; өз шығармасының қойылымын ұсынса (біріншісі – соло, екіншісі – көпшілік нөмір): музыкалық және хореографиялық драматургия, мәнерлілік, эмоционалдылық, хореографиялық композицияларды орындаудың музыкалылығы үйлесімді түрде сақталса; хореографиялық импровизацияға қабілеттілігін көрсетсе; мазмұндық либреттоны ұсынса 36-45 балл қойылады.

Егер емтихан тапсырушы комиссия берген музыкалық тақырыпқа оның сипатын, стилистикасын, ұлттық негізін және т.б. ескере отырып, оқу комбинациялары мен этюдтерінің жақсы теориялық білімін және практикалық көрсетілімін көрсетсе; өз шығармасының қойылымын ұсынса (біріншісі – соло, екіншісі – көпшілік нөмір), хореографиялық композицияларды орындаудың мәнерлілігін, эмоционалдылығын, музыкалылығын; жақсы деңгейдегі хореографиялық импровизация қабілеттілігін көрсетсе; талапкерлерге қойылатын талаптарға сәйкес келетін либреттоны ұсынса, 21-35 балл қойылады.

Егер емтихан тапсырушы комиссия берген музыкалық тақырыпқа оның сипатын, стилистикасын, ұлттық негізін және т.б. ескере отырып, теориялық білімін және оқу комбинациясы мен этюдтерінің практикалық көрсетілімін қанағаттанарлық деңгейде көрсетсе; хореографиялық композицияларды орындаудың мәнерлілігін, эмоционалдылығын, музыкалылығын қанағаттанарлық деңгейде ұсынса; хореографиялық импровизацияға қанағаттанарлық қабілеттерін көрсетсе; либреттоны қанағаттанарлық деңгейде ұсынса, 5-20 балл қойылады.

Егер емтихан тапсырушы комиссия берген музыкалық тақырыпқа оның сипатын, стилистикасын, ұлттық негізін және т.б. ескере отырып, теориялық

білімін және оқу комбинациясы мен этюдтерінің практикалық көрсетілімін қанағаттанарлықсыз деңгейде көрсетсе; қанағаттанарлықсыз деңгейде өз туындысының қойылымын (біріншісі – соло, екінші – көпшілік нөмір) ұсынса; хореографиялық импровизация қабілетін көрсетпесе; төмен сападағы либреттоны ұсынса, 0-4 балл қойылады.

7. Ұсынылатын әдебиеттер

7.1 Драматургия/либретто бойынша ұсынылатын дереккөздер:

- 1) Барба Э. Словарь театральной антропологии. М., 2010.
- 2) Захаров Р. Записки балетмейстера М., 1976
- 3) Новерр Ж.Ж. Письма о танце и балетах. Л., 1973.
- 4) Фокин М. Против течения. Л., 1962 и 1981
- 5) Эльяш Н. Образы танца. М., 1970
- 6) Захаров Р. Искусство балетмейстера. – М., 1977.
- 7) Лопухов С. Хореографические откровения. – М., 1972.
- 8) Смирнов И.В. Искусство балетмейстера: Учебное пособие для студентов культ.-просвет. фак. вузов культуры и искусств. – М., 1986.
- 9) Захаров Р. Сочинение танца. – М., 1983
- 10) Новерр Ж.Ж. Письма о танце и балетах. Л., 1973
- 11) Глушковский А, Записки балетмейстера. М. – Л., 1940
- 12) Сарынова Л.П. Балетное искусство Казахстана. А., 1976

7.2 Классикалық бойынша бойынша ұсынылатын дереккөздер:

- 1) Базарова Н., Мей В. Азбука классического танца. – СПб, Лань, Планета Музыки, 2005
- 2) Валукин Е. Система мужского классического танца. – М., ГИТИС, 1999
- 3) Жакипова К.М. Би өнерінің әліппесі. – Алматы, 2005
- 4) Пестов П.А. Уроки классического танца. 1 курс. Вся Россия, 1999
- 5) Тарасов Н. Классический танец. Школа мужского исполнительства. – СПб, 2005
- 6) Костровицкая В., Писарев А. Школа классического танца. – Л., 1976
- 7) Блок Л. Классический танец, История и современность. -М., 1987
- 8) Ваганова А. Основы классического танца. Л.М., 2000
- 9) Наурызбаева С.А. Классический балет. Толковый словарь. А., 2004
- 10) Мессерер А. Уроки классического танца. -М., 1967
- 11) Безуглая Г.А. Концертмейстер балета: Музыкальное сопровождение урока классического танца. Работа с репертуаром: Уч. пособие / – СПб.: Акад. Рус. балета им. А. Я. Вагановой, 2005. – 220 с.
- 12) Ивлева Л. Анатомо-физиологические особенности обучения хореографии: учебно-методическое пособие. Челябинск: ЧГАКИ, 2005

7.3 Халық-сахналық би бойынша бойынша ұсынылатын дереккөздер:

- 1) Ткаченко Т. Народные танцы: – М.: «Искусство», 1977г. – 573 стр.

- 2) Генслер И.Г. Методика преподавания характерного танца Учебное пособие 3-е изд. – СПб: Академия Русского балета имени А.Я. Вагановой, 2014г. – 161стр.
- 3) Тарасова Н. Теория и методика преподавания народно-сценического танца: Учеб. пособ. – СПб.: 1996г.
- 4) Борзов А.А. Русский танец и учебный процесс // Хореография: история, теория, практика: [сб. ст.]. – М.: Моск. акад. образования Натальи Нестеровой, 2011. – Вып.4.
- 5) Зоценко В.Е. Музыкальное сопровождение урока народно-сценического танца / сборник – Санкт-Петербург, издательство Лань, 2011 г.
- 6) Борзов А. Танцы народов СССР. – М., 1983. Ч.1; 1984; Ч.2; 1988; Ч.3.
- 7) Эльяш Н. Образы танца. М., 1970
- 8) Алишева А.Т. Композиция народно-сценического танца: Учебное пособие для студентов творческих вузов. – Алматы., 2012
- 9) Богуславская А.Г. Народно-сценический танец. Часть 2. Учебное пособие. М., МГАХ, 2009. – 288 с.: ил. 366
- 10) Есаулов И.Г., Есаулова К.А. Народно-сценический танец Учебное пособие 2-е изд. – СПб.: Издательство «Лань»; Издательство «ПЛАНЕТА МУЗЫКИ», 2014г. – 208стр.
- 11) Лопухов А.В., Ширяев А.В., Бочаров А.И. Основы характерного танца: Учеб. пособие – СПб., М.: Издательство «Лань»; Издательство «ПЛАНЕТА МУЗЫКИ», 1939г. – 344 с.
- 12) Кульбекова А.К. Методика преподавания народно-сценического танца. Учебное пособие. – Уральск, 2006.

7.4 Қазақ биі бойынша бойынша ұсынылатын дереккөздер:

- 1) Абиров Д.Т. История казахского танца. – Алматы. 1997.
- 2) Абиров Д., Исмаилов А. Казахские народные танцы. – Алма-Ата, 1961.
- 3) Жиенкулова Ш. Тайна танца. – Алма-Ата, 1980.
- 4) Ізім Т.О. Уақыт және би өнері. – Алматы, 2008.
- 5) Кульбекова А.К.Казахский танец: истоки, основные этапы формирования и развития.
- 6) Всеволодская-Голушкевич О.В. Школа казахского танца. – Алматы: Өнер, 1994.
- 7) Кульбекова А.К. Педагогические технологии преподавания казахского народного танца в вузах культуры и искусств: Монография.- Уральск: Постмэн, 2004.
- 8) Ізім Т., Кульбекова А. «Қазақ биін оқытудың теориясы мен әдістемесі». Астана, 2012ж.
- 9) Всеволодская–Голушкевич О. Пять казахских танцев. – Алматы 1998
- 10) Жиенкулова Ш. Казахские танцы. – Алматы, 1955
- 11) Кишкашбаев Т.А., Шанкибаева А.Б., Мамбетова Л.А., Жумасейтова Г.Т., Мусина Ф.Б. История Хореографии Казахстана. – Алматы, 2005
- 12) Обычай и обряды казахов в прошлом и в настоящем. – Алматы, «Ғылым» 2001